

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 6 маусымдағы № 94 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы әділет департаментінде 2013 жылғы 15 шілдеде № 3308 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.01.2014 № 1 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С. Ж. Шапкеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Н. Ноғаев*
2013 жылғы 6 маусымдағы № 94
Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
қаулысымен
бекітілген

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну"

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

регламенті 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының 3 тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет):

1) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18 бабының 8 тармағы;

2) "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының;

3) "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 51 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының (бұдан әрі – Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті аудандық экономика және қаржы бөлімдері (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес ұсынады.

4. Мемлекеттік қызмет ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына: қалаларда және өзге де елді мекендерде тұрып жатқан және ауылдық елді мекендерде жұмыс істеуге және тұруға тілек білдірген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандықтары бойынша жоғары және жоғарыдан кейінгі, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, сондай-ақ көрсетілген білімі бар мамандарға (бұдан әрі – тұтынушы) ұсынылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көтерме жәрдемақы және

бюджеттік несие түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері, кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, 13.00-ден 14.30 сағатқа дейінгі түскі үзіліспен, 9.00-ден 18.30 сағатқа дейін көрсетіледі.

Уәкілетті органдардың орналасқан жері, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және барысы туралы ақпаратты осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша алуға болады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша ақпаратты тұтынушылар Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің www.minregion.gov.kz, "Батыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекеменің www.economica-bko.gov.kz интернет-ресурстарындағы және мемлекеттік қызмет көрсететін аудандық уәкілетті органдарда, "Дипломмен ауылға" бөлімінен алуға болады.

10. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімде ұсынылады:

1) тұтынушы Стандарттың 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

күнтізбелік отыз тоғыз күн ішінде көтерме жәрдемақы төленеді;
күнтізбелік отыз екі күн ішінде Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келісім жасасу рәсімі жүзеге асырылады және келісім жасалғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік несие ұсынылады;

әлеуметтік қолдау шараларын ұсырудан бас тартылған жағдайда үш жұмыс күні ішінде уәкілетті орган тұтынушыға дәйектелген жауап жолдайды;

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін тұтынушыға қызмет көрсетудің ең көп уақыты – отыз минуттан көп емес;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің ең жоғарғы шекті уақыты – он минуттан көп емес.

11. Тұтынушыға мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын қолхат беріледі және оның әлеуметтік қолдау шараларын алатын күні көрсетіледі.

12. Стандарттың 11-тармағында көрсетілген дәйексіз құжаттарды ұсыну фактісі бас тарту үшін негіз болып табылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан сұраныс түскен сәттен

бастап және мемлекеттік қызметтің нәтижесін берген сәтке дейін мемлекеттік қызметті кәрсету кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға Стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды жолдайды;

2) уәкілетті орган құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, қолхат береді, қарау үшін тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссияға жолдайды;

3) тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды және аудан әкімдігіне тұтынушыға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге ұсыным жасайды немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан бас тартады;

4) уәкілетті орган бас тартылған жағдайда тұтынушыға дәлелді жауап жібереді;

5) аудан әкімдігі тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссияның ұсынымдары келіп түскеннен кейін әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны уәкілетті органға және сенім білдірген өкілге (агентке) жолдайды;

6) уәкілетті орган, сенім білдірген өкіл (агент) және тұтынушы Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім жасайды;

7) уәкілетті орган көтерме жәрдемақысының сомасын тұтынушылардың жеке есеп шоттарына аударады;

8) сенім білдірілген өкіл (агент) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұтынушыға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие береді.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-әрекеттердің (өзара әрекеттің) тәртібін сипаттау

14. Әрбір әкімшілік іс-әрекеттерді (ресімдерді) орындау мерзімі көрсетіліп, әрбір құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі-ҚФБ) бойынша әкімшілік іс-әрекеттердің (ресімдердің) кезектілігі мен өзара іс-әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық кезектілігі және ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін схема осы Регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

16. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

Уәкілетті органдар тізбесі

№	Атауы	Заңды мекенжайы	Байланыс телефоны
1	"Ақжайық ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Кунаев көшесі, 70 www.akzhaik-bko.gov.kz	8(71136) 91191
2	"Бөкей ордасы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Таир Жароков көшесі, 31 www.bokeyorda-bko.gov.kz	8(71140) 21210
3	"Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Советская көшесі, 99 www.aksai-bko.gov.kz	8(71133) 20760
4	"Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы, Халықтар Достығы көшесі, 44 www.zhanakala-bko.gov.kz	8(71141) 21869
5	"Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Ғұмар Қараш көшесі, 63 www.zhanibek-bko.gov.kz	8(71135) 21343
6	"Зеленов ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Зеленов ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 139 www.zelenov-bko.gov.kz	8(71130) 23394
7	"Казталов ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Казталов ауданы, Казталов ауылы, Шарафутдинов көшесі, 2 www.kaztalov-bko.gov.kz	8(71144) 31444
8	"Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Мұхит көшесі, 2а www.karatobe-bko.gov.kz	8(71145) 31132
9	"Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 8 www.syrym-bko.gov.kz	8(71134) 31171

10	"Таскала ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Таскала ауданы, Таскала ауылы, Абай көшесі 2 3 www.taskala-bko.gov.kz	8(71139) 21178
11	"Теректі ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Теректі ауданы, Федоровка ауылы, Юбилейная көшесі, www.terekta-bko.gov.kz	8(71132) 21147
12	"Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Клышев көшесі, www.chingirlau-bko.gov.kz	8(71137) 34428

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Әрбір әкімшілік іс-әрекеттерді (ресімдерді) орындау мерзімі көрсетіліп, әрбір ҚФБ бойынша әкімшілік іс-әрекеттердің (ресімдердің) кезектілігі мен өзара іс-әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау

Іс-әрекеттің № (барысы, жұмыс ағыны)			
Қ Ф Б - 1 Уәкілетті орган	Қ Ф Б - 2 Тұрақты жұмыс істейтін комиссия	Қ Ф Б - 3 Аудан әкімдігі	Қ Ф Б - 4 Сенім білдірілген өкіл (агент)
№ 1 іс-әрекет Құжаттарды қабылдау және тіркеу, қолхат беру, қарау үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссияға жолдайды.	№ 1 іс-әрекет Ұсынылған құжаттарды қарайды және аудан әкімдігіне тұтынушыға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге ұсыным жасайды немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынадан бас тартады.	№ 1 іс-әрекет Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны уәкілетті органға және сенім білдірген өкілге (агентке) жолдайды.	№ 1 іс-әрекет Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім жасайды
№ 2 іс-әрекет Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім жасайды немесе бас тартылған жағдайда тұтынушыға дәлелді жауап жібереді.			№ 2 іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұтынушыға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие береді.
№ 3 іс-әрекет Көтерме жәрдемақысының сомасын тұтынушылардың			

жеке есеп шоттарына аударды.			
О р ы н д а у м е р з і м д е р і :			
1) күнтізбелік отыз тоғыз күн ішінде көтерме жәрдемақы төленеді; күнтізбелік отыз екі күн ішінде Стандарттың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім жасасу рәсімі жүзеге асырылады және Келісім жасалғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік несие ұсынылады; әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан бас тартылған жағдайда үш жұмыс күні ішінде уәкілетті орган тұтынушыға дәйектелген жауап жолдайды.			
2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің ең жоғарғы шекті уақыты - он минуттан аспайды.			
3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін тұтынушыға қызмет көрсетудің ең көп уақыты - отыз минуттан аспайды.			

" Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық кезектілігі және ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін схема

